

Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 18 тамыздағы N 779

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

1) Мына білім және мәдениет мекемелеріне:

Ақмола облысы бойынша

Атбасар аудандық орталық кітапханасына - көрнекті жазушы Ілияс Есенберлиннің;

Астрахан ауданындағы Қоскөл орталау мектебіне - Социалистік Еңбек Ері Жапархан Асайыновтың;

Ерейментау қаласындағы N 3 орта мектепке - белгілі ақын Төлеу Шахановтың;

Қорғалжын аудандық Мәдениет үйіне - белгілі композитор, халық әртісі Кенжебек Күмісбековтың;

Қорғалжын аудандық халық театрына - осы театрдың алғашқы режиссері Қалимұса Құсайыновтың;

Сандықтау ауданындағы Қызыл Қазақстан орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Нұрғабыл Мөлғаждаровтың;

Сандықтау ауданындағы Сандықтау орта мектебіне - Кеңес Одағының Батыры Иван Терехиннің;

Ақтөбе облысы бойынша

Ақтөбе облыстық филармониясына - белгілі композитор, халық әртісі Ғазиза Жұбанованың;

Әйтеке би ауданындағы Аралтоғай орта мектебіне - алғашқы қазақ зиялыларының бірі, 1930 жылдардағы куғын-сүргіндердің құрбаны Сейдолла Оразалиннің;

Алматы облысы бойынша

Жамбыл ауданындағы Самсы орта мектебіне - мемлекет қайраткері Телтай Сәрсембековтің;

Панфилов ауданындағы Аққұдық бастауыш мектебіне - қоғам қайраткері Шабдан Байбатшаевтың;

Талғар қаласындағы N 5 орта мектепке - аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтың;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Бәйдібек ауданындағы Сарқырама орта мектебіне - халық ағарту ісінің үздігі, белгілі педагог Оңғар Ормановтың;

Отырар ауданындағы Ынталы орталау мектебіне - белгілі әдебиет зерттеушісі, профессор Әбіш Байтанаевтың;

Шымкент қаласындағы N 62 орталау мектепке - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төрекұловтың;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Жарма ауданындағы Георгиевка орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қажыгелды Орынбаевтың;

Алматы қаласы бойынша

Қазақстанның денсаулық сақтау және тарихы мұражайына - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген фармацевті, жазушы-драмашы Сәлкен Сұбханбердиннің есімдерін беру туралы;

2) Мына білім және мәдениет мекемелерінің атауларын:

Алматы облысы бойынша

Көксу ауданындағы Луначарский атындағы орта мектепті - екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, ауыл шаруашылығының көрнекті ұйымдастырушы Нұрмолда Алдабергенов атындағы орта мектеп;

Жамбыл облысы бойынша

Қаратау қаласындағы Ленин атындағы орта мектепті - аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Бәйдібек ауданындағы Ленин атындағы орта мектепті - Шаян орта мектебі;
Мақтаарал ауданындағы "Социализм" орталау мектебін - Ынтымақ орталау мектебі;

Мақтаарал ауданындағы Энгельс атындағы орта мектепті - Еңбек орта мектебі;

Мақтаарал ауданындағы "Октябрь" орта мектебін - Жаңадала орта мектебі;

Мақтаарал ауданындағы Сакко и Ванцетти атындағы орта мектепті - Сырдария орта мектебі;

Сайрам ауданындағы Қаратөбе ауылдық округіне қарасты Тельман атындағы орта мектепті - осы мектепті ұйымдастырушылардың бірі Есекей Юсупов атындағы орта мектеп;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Шар қаласындағы Калинин атындағы орта мектепті - халық ақыны Төлеу Көбдіков атындағы орта мектеп деп қайта атау туралы ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі